

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Басқармасының көзбе-көз отырысының**  
**хаттамасынан үзінді көшірме**

*Нұр-Сұлтан қ.*

*№ 23/20*

*2020 жылғы 20 мамыр*  
*Өткізілген уақыты:*  
*11 сағ. 00 мин. бастан –*  
*11 сағ. 40 мин. дейін*

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) Басқармасының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 55А ғимарат.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының отырысы өткізілген орын: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 55А ғимарат.

**Шешім қабылдау үшін кворум бар.**

**Отырыстың күн тәртібі:**

**6-мәселе. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын басымдықпен сатып алу құқығын өткізу туралы.**

Күн тәртібінің **алтыншы** мәселесі бойынша:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, 16-бабының 1-тармағына, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысының 11-бабының 73-тармағына, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 8.1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Басқарма **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын басымдықпен сатып алу құқығы бір жай акция үшін 50 000 000 (елу миллион) теңге орналастыру бағасы бойынша 580 (бес жүз сексен) дана жай акция 29 000 000 000 (жиырма тоғыз миллиард) теңге сомаға өткізілсін.

2. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының акциялары осы шешімнің 1-тармағына сай ақша қаражатын толық төлеу жолымен белгіленген тәртіпте сатылып алынсын.

3. Басқарма Төрағасының орынбасары (Қарағойшин Р.Т.) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қолдансын.

*Үзінді көшірме дұрыс.*

**Басқарма хатшысы**

**А.Ғалымжанов**